



• ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК

Депутаттар дем берсе, іс оңалар

Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған депутаттар тобы Қарағанды облысына келді. Ол әлеуметтік нысандар мен кәсіпорындардың жұмысымен танысып, өңір тұрғындарымен кездесті. Нысандарды аралау жұмысына Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қатысты.



Сурет облыс әкімінің қалыңы

Erkanat KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәжіліс Төрағасы «Qatmet» акционерлік қоғамы Көмір департаментіндегі жаңа диспетчерлік-сараптамалық орталықтың жұмыс барысымен танысты. Мұнда атқарылатын келелі міндеттер турасында компания құрылтайшысы Андрей Лаврентьев пен бас директор Вадим Басин кеңінен баян етті. Аталған нысан өндірістік қауіпсіздікті жан-жақты бақылауға арналған. Мәселен, оттегі деңгейі мен метан концентрациясын өлшеу жұмыстары да жүргізіледі. Көнігі мамандар шахталардың өндірістік жағдайын тәулік бойы бақылай отырып, кез келген қызметкермен қажетті уақытта байланысқа тікелей шыға алады.

Иә, «Qatmet»-тің қазақстандық компанияның меншігіне қайтарылғаны тек Қарағанды үшін ғана емес, біртұтас ел үшін маңызды жоғары оқиға болғаны аян. Бұл – Мемлекет басшысының маңызды саяси шешімі. Жаңадан келген инвестор өндіріс өрісін кешенді түрде жаңғыртуға міндеттеме алған. Яғни, алдағы бес жыл ішінде комбинат «Металлургия көш-басшысы» мәртебесі мінберінде болғаны шарт. Ал, осы ретте еңбек пен өнеркәсіптің қауіпсіздікті жоғары деңгейге көтерудің мәні зор. Ең бастысы – жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығы. Апат пен жазатайым оқиға деген болмауы керек, – деп атап өтті Ерлан Қошанов.

«AMANAT» партиясының Төрағасы кәсіподақ мүшелерімен кездесу барысында жұмысшылар мен шахтерлерге мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауды күшейту мәселелерін кеңінен талқылады. Парламент депутаттарының, «AMANAT» партиясының және Үкіметтің бірлескен күш-жігерімен Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ғылыми институты қайта құрылып, жұмысшыға жазатайым оқиғалар кезінде кінәлі болуына қарамастан толық сақтандыру төлемін қамтамасыз ететін жаңа заңдар қабылданғандығы сөз

болды. Сондай-ақ, маңызды жүздесу аясында зиянды өндіріс саласындағы жұмысшыға 55 жастан бастап арнайы әлеуметтік төлем алу мүмкіндігін беретін жаңа Заңға ерекше назар аударылды. Кәсіподақ ұйымының Төрағасы Евгений Буслаев жаңа мүмкіндікті «Qatmet» акционерлік қоғамының 800-ден астам қызметкері пайдаланғанын атап өтті. Бүгінде жалпылай ел бойынша атаулы төлемді 8 мыңнан астам адам алууда. Ол арнаулы Заңның еңбек адамдарын қолдаудағы мемлекеттің нақты қадамы екенін ескеріп, оның барынша жедел қабылданғаны үшін Президент пен «AMANAT» партиясына ақжарма алғысын жеткізді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс спикері Бұқар жырау ауданындағы Садовое және Чкалов ауылдарына арнайы ат басын тіреп, су тасқынынан кейінгі қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру жұмысымен етене танысты. Еске салайық, 2017 жылы мұндағы ауылдар айналасында жартастан жасалған бөгеттер салынған-тын. Абырой болғанда, тасбөгет был елдімекендерді қарғыннан қорғап қалды. Алайда, ауылда тасқын мәселесі оңтайлы шешілгенімен, жергілікті жердің асақалы Сайлаухан Шошиннің айтуынша, тұрғындардың мал

жаятын жері жоқ көрінеді. Өз кезегінде «AMANAT» партиясының Төрағасы «Жер аманаты» комиссиясының жұмысы туралы баян етті. Жойдалы жоба екі жыл ішінде 10,8 миллион гектардан астам заңсыз иемденіп келген жайылым жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Жеке қосалқы шаруашылықтарға көмек көрсету үшін Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайылымдар туралы» Заң қабылданды. Аталған Заң қоғамдық жайылымдар туралы жаңа нормаларды қамтиды. Яғни, жайылымдарды конкурссыз бөлуге, басқа ауыл шаруашылығы алқаптарына айналдыруға тыйым салып, бір гектарға мал жаю нормативін 20-дан 50-ге дейін арттырады.

Ерлан Қошанов мемлекеттік және сервистік қызмет көрсету орталығына да барды. Онда өткен жылдың қазан айында елдегі алғашқы әйелдерге арналған полиция учаскесі ашылған. Келе-келе осы ара функционалды түрде отбасына көмек көрсетудің бірінші орталығына айналды. Бұл жерде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсетіледі. Орталықта психолог, заңгер, сот орындаушы, ювеналды полиция, теолог, волонтер, медиатор, әлеуметтік қызметкерлер жү-

мыс істейді. Мәжіліс Төрағасы Қарағанды облысының тың тәжірибесін оң бағалап, мұндай жобаны еліміздің басқа өңірлерінде де енгізуді ұсынды.

Дәл осы күні Мәжіліс спикері Күнгеі шағынауданында 600 орындық мектеп құрылысының тынысымен танысты. Білім ұясы «AMANAT» партиясының республикалық сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында салынып жатыр. Жергілікті белсенділер қаланың осы бөлігінде мектептің жоқтығы туралы мәселені көптен бері көтеріп келген. Барлық жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Мұнымен бірге, Мәжіліс Төрағасы Қарағандының жылу желілерін жаңғырту жұмысын бағамдады. Жаңа магистраль жылу қуатының тапшылығы мәселесін шешеді және қаланың қолданыстағы желілеріне түсетін ауырталдықты анағұрлым азайтады. Бұл шаһардың одан әрі дамуы үшін қажетті қорды құруға мүмкіндік береді. Жоба 2024 жылдың күзіне дейін толық жүзеге асырылмақ.

Тегінде мәселе жоқ жерде дамудың да болмайтыны ақиқат. Депутаттар тобы осы сапарында жергілікті жұрттың қажетін естіп, болашағына бағдар жасады.

• БӨРЕКЕЛДІ!

Дарабоз дарындар жарады

Қарағандылық оқушылар жеңіс тұғырынан көрінді. Шучинск қаласына жас геологтардың VII Халықаралық дала олимпиадасы өтті. Биылғы дола геолог және академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орайластырылған. Қазақстан мен Ресейден, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан 20 команда, 200-ден астам оқушы жүлдені сарапқа салды. Қарағанды облысынан Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Сарыарқа» командасы қатысты. Нәтижесінде карағандылықтар республикалық есепте бірінші орынды иеленді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас геологтар далада уақытша тұрақ орнатудан, палеонтологиядан, магнитометриядан, минералогия мен гидрологиядан, петрография, мұнай мен газ іздеуден, сондай-ақ, геологиялық маршрутты құрудан бәсекеге түсті. Олимпиаданы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің қолдауымен «Жас геолог» корпоративтік қоры ұйымдастырды. Мақсаты – жастарды ерте кәсіптік бағдарлау, геолог мамандығын дәрiптeу.

Қарағанды командасы 245 ұпай жинады. Бұл – дала олимпиадасындағы ең жоғарғы нәтиже. Бірінші орынға «Жасанды интеллект негізінде минерал тобын белгілері бойынша анықтауға арналған бағдарламалар» жобалық жұмысы ие болды. Сонымен қатар, «Сарыарқа» Бектау ата мемлекеттік табиғи қорығының геологиялық ескерткішіне арналған конкурста жеңіске жетті.

Команда құрамына 9-11 сыныптардың сегіз оқушысы бар. Олар – Камила Тазабекова, Айханым Отаншыл, Алдияр Мүбәрәкша, Артур Штро, Ақылбек Жұмаш, Арнелла Төлеген, Ева Дмитриева, Әсия Исламдарова. Жетекшісі және тәлімгері – география пәнінің оқытушысы Жанар Байметова.

Женімпаздар еліміздің үздік жоғары оқу орындарында білім алуға алты грант жеңіп алды. Алдияр Мүбәрәкша «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан-Британ техникалық университетінің грантын иеленді.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Балабақша кезегі жеңілдеді

Балабақша кезегін республикалық базаға көшіру сәтсіздікке ұшыраған болатын. Сол себепті indigo24.kz бұрынғы форматқа, яғни, қарағандылық кезекке ауысты. Қарағандыда балабақшаларға орын кезегіне жолдама алу мүмкіндігі ашыла бастады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, қалалық білім бөлімі Indigo компаниясымен бірлесіп, кезекте тұрған балалардың тізімін өңдейді. Кесте келесі аптаның соңына дейін жарияланады. Бос орындарды бөлу тәртібі кезекті басқару жүйесі күн сайын мектепке дейінгі ұйымдардан қандай жас тобына тағайындалғанын көрсете отырып, жаңа бос орындардың пайда болуы туралы ақпаратты қабылдайды.

Кезекті басқару жүйесі күн сайын таңғы сағат 07:00-де бос орындар болған жағдайда әр кезектегі тек бірінші өтініш берушілерге шектелген 3 жұмыс күні ішінде мектепке дейінгі балалар ұйымына жолдама алуға басым қолжетімділік береді. Сондай-ақ, өтініш берушілер бос орындар туралы ақпаратты зерделеп, қызығушылық танытқан жағдайда мектепке дейінгі балалар ұйымына қабылдау үшін өз бетінше электронды жолдама алады.

Алғашқы алтын қоржында

Жерлестеріміз XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында сәтті өнер көрсетіп жатыр. Оның ішінде, қанжығасына алтын байлаған Елдос Сметов дзюдодан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды. Бұл қазақстандықтар үшін естен кетпес ерекше сәт болды. Көк байрақтың Париж Олимпиадасының төрінде желбіреуі, Әнұранның аренада сырқалды спортшыларға күш-жігер беріп, отандастарға жеңіс тұғырының алыс емес екендігін көрсетті.



Коллаж жасаған Ш.Алибекова

Елдос Сметов осыған дейін 2016 жылы Рио Олимпиадасының күмісін, 2020 жылы Токионың қола жүлдесін еншілеген еді. 2024 жылы алтын алып, қазақ халқының үмітін ақтаған Алаш баласы өз езерімен бөлісті.

– Сезімдімі айтып жеткізе алмаймын, өте қуаныштымын. Жаным жақын жандарға, бапкерлерге, мемлекет тарапынан жасалған қолдауға алғысымды айтамын. Сенімді, үмітті ақтадым деп ойлаймын. Мен 2016 жылы Олимпиада ойынында екінші орын алғанда, «Енді күреспеймін» деген шешім қабылдағанмын. Бірақ, марапаттауға шыққанда қазақ Әнұраның бүкіл әлем тік тұрып тындағанда, менде үлкен мотивация пайда болды. Неге менің Әнұранымды

бүкіл әлем тындамайды? «Менің әлі мүмкіндігім бар» деп өзіме сөз бердім. Міне, бүгін сол күнге жеткеніме қуаныштымын, – дейді Елдос Сметов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев телефон арқылы қоңырау шалып, Олимп шыңын бағындырған Елдос Сметовке лебізін білдірді.

– Қазақтың рухын, жалпы

халқымыздың мықты мінезін көрсеттің. Бәріміз сені мақтан тұтамыз. Сөзіңде тұрдың, жеңіске жеттің, нағыз жігітсің. Сен сияқты жігіттердің арқасында Туымыз әрқашанда асқақтап, желбірей берсін. Жаңа жеңістерге жете бер. Саған және отбасына амандық тілеймін. Астанада кездескенше, – деді Президент.

Жалпы, Париж Олимпиада-

сына 205 елден 10 мыңнан астам спортшы қатысуда. Олар 32 спорт түрінде 329 медаль жиынттығы үшін бақ сынасады. Әр күнге бөлінген спорт түрлерінен де жеңіс тұғырын бермеген, оза шапқан дүлдүлдер аз емес.

Қазақстан құрамасына тағы бір жүлдені тарту еткен Ислам Сәтбаев пен Александра Ле пневматикалық винтовкамен оқ ату



бәсекесінде жеңіске жетті. Елдос Сметовтің жолын қуған дзюдо спортынан Ғұсман Қырғызбаев тағы бір қоланы қанжығалады. Ал, қазақстандық дзюдошы Абиба Әбужақынова бесінші орын иегері атанып, өз өкінішін білдірді. Бокстан Асланбек Шымбергенов, семсерлесуден Вадим Шарламов финалға жетпей, ойынды аяқтады. Олимпиаданы жарқын жеңіспен бастаған боксшы Айбек Оралбай, Назым Қызыбай, Мұхаммедсабыр Базарбайұлы, семсерлесуші Руслан Құрбанов, гимнаст Нариман Құрбанов пен Милад Карими финалда сынга түспек. Олимпиада ойындарының екі күндік жарыстағы қорытындысы бойынша, Ұлттық құрама 1 алтын және 2 қоланы қоржынға салды. Жалпы командалық есеп бойынша Қазақстан жетінші орында тұр.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
журналистика бөлімінің
III курс студенті



Мырза клубтың мақсаты биік



ҚАРАҒАНДИ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысына Олимпиада чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Серік Сәпиев пен әлемнің төрт дүркін чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Илья Ильин бастаған Gentlemen's club мүшелері келді.



Сурет ұйымдастырушылардан

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Клуб мүшелерінің облысқа екі күнге жоспарланған сапары ең алдымен облыстық әкімдік ғимаратында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайынның қатысуымен өткен кездесуден басталды.

– Қасиетті, қойнауы қазынаға толы Қарағандыға қош келдіңіздер! Биыл өздеріңізге белгілі, Қарағандыға 90 жыл. Бұл – біз үшін ерекше мерейлі мерейтой. Біз Қарағандыдан шыққан әрбір тұлғамен мақтанамыз. Солардың бірі және бірегейі – Серік Сәпиев, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Сондай-ақ, клубтың негізін қалаушы Асқар Арстанұлына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Алғыс хатын табыс етті.

Gentlemen's club 2013 жылы құрылған. Негізін құраушы – Асқар Ғазалиев. Клубтың жалпы мақсаты – көп-

балалы отбасыларды, жалғызбасты аналар мен үйге шын мұқтаж жандарды баспаналы ету.

– Қарағанды облысына, зор қолдауларыңызға алғыс білдіремін. Аймақтың қарқынды дами беруіне тілектеспін, – деді Асқар Ғазалиев.

Бүгінде аймаққа келудегі негізгі мақсат – Серік Сәпиевтің мұрындық болуымен туған жеріндегі үйге мұқтаж жандарды баспаналы ету.

– Біздің іссапарымызды қолдағандарыңызға мың алғыс. Клуб жұмысы бұдан әрі де жалғасын табады, – деді Серік Жұманғалиұлы.

Клубта 500-ден астам адам бар. Мұқтаж жандарға баспана сатып алуға ақшаны клуб мүшелері өз қаражаттары есебінен береді. Қарағандыға клубтың 20 мүшесі келді.

– Мен бұл клубқа шақыруды бірден қабыл алдым. Игі іс жасау, қоғамға пайдамды тигізу – бұл менің өмірлік ұстанымым. Клуб бұқараға пайдалы болса деген тілектестік бар. Ал, Қарағанды облысына аймақ атын шығаратын мықты чемпиондардың көптеп шығуын тілеймін, – деді Илья Ильин.

Клуб осы күнге дейін 20 отбасыға үй тарту еткен екен. Сапар барысында

Қарағанды облысындағы 4 отбасыға баспана бұйырды.

Абай ауданындағы көпбалалы отбасы Серік Сәпиевтің жерлестері спортшының арқасында 3 бөлмелі пәтерге ие болды. Южный кентінің тұрғыны Светлана Таймұканова ерімен бірге 7 баланы өсіріп отырса, Қарабас кентінің тұрғыны Бағила Ұзақова жалғыз өзі 6 баланы тәрбиелеуде. Оған да 4 бөлмелі жайлы баспана бұйырып, қол-көсір қуанышқа кенелді.

Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданындағы көпбалалы отбасы Алия Москаленкоға да пәтер кілті табысталды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жұмысқа жол тап

Аймақта «Jumys Tar» жобасы аясында оқыту курстары басталуда. Осы аптаның басынан Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінде оқыту жүріп жатыр. Ондағы мамандардың айтуынша, қазір қатысушылар теория негіздерін меңгеруде, келесі аптадан практикалық сабақтар басталады.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Колледж директорының оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Диляра Апсалимованың айтуынша, қазіргі уақытта аспазшы және кондитер мамандықтары бойынша 20 адам оқып жатыр.

– «Jumys Tar» жобасы бойынша біздің колледжде жеті мамандыққа оқып шығуға болады. Олар – аспазшы, кондитер, бариста, даяшы, нан илеуші, формалаушы. Қысқа мерзімді курс болғандықтан 5-25 күн аралығында оқытылады. Осы кезеңде біліктілік алып шығады, – дейді Диляра Апсалимова.

Әр мамандықтың оқыту уақыты әртүрлі. Мәселен, даяшылыққа бес күн, бариста болуға – он, аспазшы немесе кондитер атану үшін 25 күн білім алуы керек. Қазіргі уақытта аспазшы және кондитер мамандықтарына он адамнан 20 адам қатысып жүр.

– Оқуға қатысуға мансап орталықтары арқылы жазылады. Олар таңдаған мамандығына қарай колледждерге жібереді. Біздің колледжде оқытуды жоғары категориялы, білік-

ті мамандар жүргізеді. Алғашқы күні кіріспе курсы жүргізілді, колледждің ішіне экскурсия жасады. Қазір теория негіздерін үйреніп жатыр, келесі аптадан практикалық сабақтар басталады, – дейді Диляра Рафаильқызы.

Ол курстарға жазылып жатқандар көп екенін айтты. Бес күн оқығандар сертификат алады, ал, одан көп күн оқығандарға мемлекеттік үлгідегі куәлік табысталады.

– Жалпы, бір біліктілікті игеру үшін оның ішіндегі құзыреттіліктерді толығымен игеру керек. Қысқа мерзімді курс барысында сол құзыреттіліктердің барлығын емес, негізгі бөлігін ғана меңгереді. Бұл сол сала бойынша жалпы біліп, негізгі жұмыс технологиясын меңгеруге жеткілікті, – дейді ол.

Аталған жоба мансап орталықтарында ресми тіркелген жұмыссыз азаматтарға ғана емес, жаңа мамандық игеремін деген кез келген адамға арналған. Жұмыс жағдайына, жасына және тіркеуіне қарамастан оқытып, кейін жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Оқыту Қарағандыдағы – бес, Теміртаудағы екі колледж базасында жүр-



Сурет ашық дереккөзден

гізіледі. Қарағанды технология және сервис колледжі, Қарағанды жоғары политехникалық колледжі, Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжі және Теміртау жоғары политехникалық колледжі оқыту курстарына қабылдайды.

Қазіргі таңда өтінімдерді қабылдау жүріп жатыр. Жоба ұйымдастырушыларының мәліметтеріне сүйенсек, 48 кәсіпті таңдауға болады. Оның ішінде, тігінші, шаштараз, шиномонтажшы,

электрғаз дәнекерлеуші, сайт әзірлеуші, бейнемонтажер, мобилограф және тағы басқалары бар. Оқыту бағдарламасы арнайы әзірленген. Оқыту кезінде практикалық сабақтарға баса назар аударылады. Себебі, қатысушылардың аз уақыт ішінде барынша көп біліп, жаңа біліктілікті меңгеріп шығуына басымдық берілген. Білім алушылар заманға сай мамандықтарды құлшына меңгеріп жатыр. Бәсекеге қабілетті білікті маман қашанда сұранысқа ие. Осы жете түсінген жастар әр минутты тиімді пайдаланады.

БРИФИНГ

Қаперсіздік баланы қатерге ұрындырады

Жыл сайын көктем-жаз маусымының басталуымен балалардың терезеден құлау жағдайлары жиі тіркеледі. Осы орайда өткен брифингте төтенше жағдайлар департаменті мамандары судағы өзін-өзі ұстау ережелері және балалардың терезеден құлау жағдайларының алдын алу жайын баяндады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Ерасыл Сайпаштың айтуынша, құлау ересектердің балаларға немқұрайлы қарауынан, терезеде құлыптардың болмауынан орын алады. Сондай-ақ, балалардың құлауына терезелерге өздігінен көтерілуге мүмкіндік беретін жиһаздың дұрыс орналаспауы да себеп. Маскит торлар да жазатайым оқиғаға жиі ұшыратады.

– Жыл сайын облыс бойынша балалардың терезелер мен балкондардан құлау салдарынан 20-25 жағдай орын алады. Департаментке келіп түскен мәліметтерге сәйкес, бүгінгі күні облыс аумағында балалардың терезеден құлауының 17 жағдайы орын



Коллажды жасаған М.Өлтірқов

алды (Қарағанды – 8, Теміртау – 3, Балқаш – 3, Шахтинск – 1, Приозерск – 1, Саран – 1). Екі бала қаза тапты.

Ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыру фак-

тілерін болдырмау бойынша 512 көпқабатты тұрғын үй адамдары назарына 418 жиын және 482 рейд өткізілді, – дейді Ерасыл Сайпаш.

Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда облыста су айдынында рұқсат етілген 89 көпшілік демалыс, туризм және спорт орындары анықталды. Барлық коммуналдық жағажайлар тегін. Суға түсу маусымында суға батудың 5 оқиғасы тіркелді. Барлық жағдайлар жабықталмаған суға түсу аймақтарында орын алған. Судағы өлім-жітімнің негізгі себебі тұрғындардың, әсіресе, балалардың судан сақтану туралы хабарының болмауы.

Осы уақытқа дейін көпбалалы отбасылардың терезелеріне 27 қорғау құралдары орнатылды. Дегенмен, көпшілік ата-аналар әлі де үйде кішкентай бала болса, терезелерді ашық қалдыруға болмайтын ескермейді. Баланың терезеге көтерілуі және құлап кетпеуі үшін жиһазды терезелердің жанына қоюға болмайтынын да естен шығарады. Мамандардың айтуынша, бала терезені өздігінен аша алмайтындығы етіп, терезелерге блокторларды немесе кілті бар терезе құлыптарын орнату керек.

Брифинг соңында ата-аналарға балалардың үйдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды үнемі қадағалау қажеттілігі туралы ұсыныстар берілді.

ЖӘРМӨҢКЕ

Ынталыға ырыс келеді

Қазіргі таңда колледж бітірген түлектердің басым көпшілігі жұмысқа кәсіптік бағдарсыз келеді. Кәсіпорындар мамандарды қайтадан оқытуға мәжбүр. Кадрдың біліксіздігінен еңбек өнімділігі де төмендей бастады. Жұмыссыздықты азайту мақсатында Қарағандыда «Жастарға жұмыс» бос орындар жәрмеңкесі өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының орталық саябағында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты қала тұрғындарына жұмыс ұсынды. Жәрмеңкенің мақсаты – жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, жұмыс берушілермен тікелей әңгімелесуге мүмкіндік жасау.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде жұмыс берушілер компанияларының жұмыс шарттары, ашық бос жұмыс орындары, жұмысқа орналасу ерекшеліктеріне тоқталды. Жұмыс іздеушілер бос жұмыс орындарына үн қосып, түйіндемелерін жолдады.

– Бос орындардың басым бөлігін жұмысшы мамандықтар алады. Тігінші, дәнекерлеуші, газбен жұмыс істейтін қазандық жабдықтарының аспапшысы, автобояушылар, вулканизаторлар, медициналық ұйымдағы бейінді мамандар мен пән мұғалімдері сұранысқа ие.



Сурет ұйымдастырушылардан

Жәрмеңкеге облыстың бірнеше жұмыс берушілері қатысып, олар жастарға бос орындар бойынша кеңес берді. Жалпы, 1 000-нан астам вакансия ұсынылып, 450 адамға кеңес берілді. Шарада облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары азаматтарды жеке қабылдады.

Мәселен, дөңгелек зауытына резеңке бұйымдар мен бөлшектерді пішуші, шиналарды жинаушы, құрастыру станоктарын қайта зарядтаушы, автоматика құралдары мен технологиялық жабдықтардың аспаптары бойынша электромеханик, электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер және басқа да мамандар қажет, – дейді «AMANAT» партиясының жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының кеңесшісі Арафат Мәжітов.

Жәрмеңкеде, сондай-ақ, «Құрылысмет» ЖШС, «Қазпошта», «Қазахтелеком» АҚ филиалы, «Silk Road Electronics» ЖШС, «BEELINE» компаниясы, «Qaztehn» ЖШС бос қызмет орындарын ұсынды.

– Біздің ұжымға темір ұстасы, кабелиші, бұрғылаушы, слесарь секілді мамандар қажет, – дейді «Құрылысмет» ЖШС өкілі Алмас Игенбаев.

Жәрмеңкеде қонақтар үшін концерттік бағдарламамен қатар, диджей өнер көрсетті. Сондай-ақ, спорттық конкурстар, бағалы сыйлықтар, ұтыс ойыны ұйымдастырылды.

ЭНЕРГЕТИКА

Жылу жүйелері жөнделуде

Облыс орталығынан шалғайда жатқан Приозерск қаласында қысқы жылу маусымына дайындық кестеден кешікпей жүріп жатыр. Жоспарлы жұмыстың нәтижесінде қазандықтар жаңартылып, жылу алмастырғыш қондырғылар ауыстырылған.

Дерекке сүйенсек, бүгінде төртінші қазандық күрделі жөндеуден өтуде. Бірінші қазандық жаңартылып, қалыпқа келтірілген. Су мен жоғары қысымды да тексерілген. Жалпы, қазандық пен жылу құбырларын қайта жаңғырту үшін 350 миллион теңге бөлінгені. Бұған қоса, қосымша облыстық бюджеттен 100 миллион теңге қарастырылған.

– Бесінші қазандық жұмысының 70 пайызы атқарылды. Барлық қажетті құбырлар әкелінді. Қазір жұмысшылар әкту, сырлау және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мемлекеттік сатып алу конкурсы аяқталды. Оны тәжірибелі Қарағандының «Котламаш» компаниясы ұтып алды. Осы аптаның аяғында демонтаж жұмыстарын бастайды. Осы айдың аяғына дейін 300 метр құбырды ауыстыруды жоспарлап отыр. Құбырлар 350 және 319 диаметрі, – деді Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Темірхан Айдарханов.

Биыл Приозерск қаласында 2,6 шақырым жылу құбыры ауыстырылады. Қазандыққа жылу беретін екі сорғы жаңадан сатып алынған.

– Биыл қазандықтармен бірге электрлі двигателдер, шкаф, сорғылар орнатылады. Облыстық бюджетті нақтылау кезінде бізге қосымша генератор сатып алуға 30 миллион ақша бөлінді. Қыста жарық өшсе, бір қазандыққа мазутты шаруашылықты орталық тоқ желісіне қосқанша ұстап тұруға мүмкіндік береді. Электр двигателі сатып алу жұмысы жүргізілуде. Бұл қыста апатты жағдайдан сақтануға септігін тигізеді, – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары.

Өз тілімізден

ПРИОЗЕРСК

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Тамақтан улану көбейіп тұр

Жаз – демалыс уақыты. Ішек инфекцияларын жұқтыру көрсеткішінің артуы осы мезгілде байқалады. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин был мұндай инфекция жұқтырғандар былтырғыдан аз екенін айтады. Ол инфекция және одан сақтану, ауырып қалған жағдайдағы ем жайлы сөз қозғады.

– Жіті ішек инфекциясының жазда өршіп кететіні неден?

– Аталған инфекциялық ауру мерзімдік болып табылады. Оның шыркуа шегі жазғы уақытқа сәйкес келеді. Күн сәулесі жіті ішек инфекциясы қоздырғыштарының ұзақ уақыт сақталып, көбеюіне әсер етеді. Оның қоздырғыштары қоршаған ортада, суда, тағамдарда, күнделікті үйде пайдаланатын заттарда болуы мүмкін. Инфекцияның таралу көзі науқас адам екенін ұмытпау керек. Ал, оны тарататын – шыбын-шіркей немесе кеміргіштер. Сондықтан, уақытылы улау жұмыстарын жүргізіп тұрған дұрыс.

– Был инфекция жұқтырғандар көп пе?

– Былғы жыртықылдықтағы дерекке сүйенсек, 380 адамның ауырғаны тіркелген. 100 мың адамға шаққанда ауыру көрсеткіші – 31,83. Былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда инфекция жұқтырғандар 25,6% есе аз. Өткен жылы 512 жағдай анықталған болатын. Осы ретте айта кету керек, ауырғандардың көбісі, 89,4%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар.

– Яғни, жіті ішек инфекциясы бірінші кезекте балалар үшін қауіпті болып тұрғаны ғой?

– Иә, көбінесе ауыратындар

– кішкентай балалар. Инфекция тұрмыстық байланыс кезінде берілуі мүмкін. Ал, естияр балалар тамақтан немесе судан жұқтырады. Жалпы, ауруды жұқтыру инфекция түскен тағамдарды немесе суды тұтыну тұрмыстық байланыс кезінде мүмкін.

– Инфекция жұқтырғаны қандай белгілерден білуге болады?

– Тағамнан улану кезіндегі мән беретін нәрсе – қысқа уақыт ішінде бір емес, бірнеше адамның ауыруы. Жіті ішек инфекциясының инкубациялық мерзімі жарты сағаттан бір тәулікке дейін созылуы мүмкін. Дегенмен, алғашқы екі-төрт сағат ішінде жүрек айну, құсу, іш өту, дене қызуының 38-39°C-қа дейін көтерілуі, бастың ауырып, айналуы, дененің құрғауы сияқты белгілер байқалады.

– Мұндайда не істеген дұрыс?

– Жіті ішек инфекциясына күдік туындаған жағдайда бірден медициналық көмекке жүгіну керек. Әсіресе, балаларда осы белгілер байқалса, уақыт озырмаған абзал. Уақытылы ем көрсетілмей, асқынған жағдайда салдары ауыр болуы мүмкін. Өз бетінше ем жасауға, ауруды басатын дәрілер ішуге, ішке ыстық заттар басуға



болмайтынын ескертемін.

– Инфекция жұқтырғаны үшін не істеу керек?

– Аурудың алдын алу үшін бірқатар ұсыныстарымыз бар. Бірінші кезекте жеке гигиена талаптарын орындау керек. Жеміс-жидек, көкөністің барлығын жуу қажет. Дайын тағамдарды келесі күнге қалдырмаған жөн. Жазғы уақытта кремді бар тәтті тағамдарды тұтынудан бас тартқан дұрыс.

– Қандай тағамдарда инфекция қоздырғыштары тез таралады?

– Тағамдардың ішінде, әсіресе, сүт және ет өнімдері, сондай-ақ, кулинарлық өнімдер ішек инфекциясының таралуына ең қолайлы «орта». Осыларды тұтығанда өндірілуінің кім екенін, шыққан және жарамдылық мерзімін, құрамын мұқият оқып алуға кеңес беремін.

– Жазда сырттан тамақ ұсынатын дүңгіршектер мен дәмханалардың жұмысы қыза түсетіні рас. Қауіпті да тұртүрі ұсынылады. Мұндай етті жеуге бола ма?

– Жалпы, қауіпті мөлшерімен, майлы емес ет түрлерін және дұрыс пісірілген болса, жеуге бо-

лады. Мұндағы негізгі мәселе оны дайындау кезінде пайда болуы мүмкін канцерогендерде. Олар бенз(а)пиреннің жануы кезінде шығатын қытырлақ сыртында болуы мүмкін. Сонымен қатар, толық піспеген ет те денсаулыққа зия. Піспей қалған жерлерде бактерия, паразиттер, құрттар да қалып қоюуы ықтимал. Олар ағзаға түссе, бруцеллезден бастап салмонеллезге дейін неше түрлі ауру тудыруы ғажап емес. Жеген кезде оның түріне, құрылымына, иісіне мән беру керек. Үйде дайындаса, маринадталған етті жылы жерде ұзақ қалдыруға болмайды.

Жалпы, көшеде әзірленетін донер, шаурма, пицца, сүтті сусындар, зауыттық қаптамасы жоқ балмұздақтарды тұтыну қауіпі зор. Ауаның жоғары температурасы, тағамды дайындау мен сақтау талаптарының орындалмауы, тазалықтың болмауы улануға алып келуі мүмкін. Сондықтан, көше бойындағы дүңгіршектерден тамақтанбауға кеңес береміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет ашық дереккөзінен

«Пластиксіз қала»

Осындай атаумен Теміртау қаласында өткен шара қала көшелері мен аула, алаңдарында пластик ыдыстардың бейберекет шашылып жатпауын көздейді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол үшін қалада осы жиналған ыдыстарды жинап, тапсыратын 5 нүкте ашылып, олардың бүтін, қақпағымен және таза болуы талап етіледі.

Бұл шара қала тұрғындары арасында қызу қолдау тауып,



танертеңгі сағат 10:00 мен кешкі 17:00 аралығында олар кезекке тұрып, жинаған пластик ыдыстарын сол нүктелерге апарып, тапсырып жатты. Егер ол 10 ыдыс тапсырса, есесіне бір балмұздақтан тегін берілді.

ТЕМІРТАУ
Сурет
ұйымдастырушылардан

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысы

Қарағанды қаласы

№ 41/01

26.07.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс), «мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлар тізбесіне жататын объектілерді салу бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында, атап айтқанда, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің ортақ пайдаланылатын объектілерін іске асыру жолымен салу (реконструкциялау) жер учаскесінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1) Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесіне қатысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін қозғау;

1) Қазыбек би атындағы аудан, Республика даңғылы, 23/3 уч., ауданы 0.1318 га, кадас-

трлық нөмірі 09-142-141-901, «ОРДА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі, БСН 161240020104 жекеменшік құқығында;

2) Қазыбек Би атындағы аудан, ш / а. Күнгеі, Нәзір Төреқұлов көшесі, 5А уч., ауданы 0.1000 га, кадастрлық нөмірі 09-142-144-1173, Халилина Улман Мұратқызына тиесілі, жекеменшік құқығында;

2) Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 25 қазанда белгіленсін.

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін меншік иесінің жүгіну орны болып өтініш беру арқылы «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А. Шақенов) белгіленсін: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 425 кабинет.

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А.Н.Кәрімова) аталған қаулыны осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А. Шақенов) жер учаскесінің меншік иесін «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының тәртібімен хабардар етсін.

6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (Т.Б.Жашкеев) жер учаскелерін бағалау бойынша жұмыс жүргізсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.КОЖУХОВ
Қарағанды қаласының әкімі

Бағдарлама шарапаты



Бүгінде Шет ауданында «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында бірқатар жобалар іске асып келеді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның ішінде аудан аумағындағы Еркіндік, Бұрма, Өспен ауылдары және Дәрия, С.Сейфуллин кенттеріндегі ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстары қарастырылды. Атап айтқанда, Өспен ауылдық округі мен Еркіндік ауылында ұзындығы бір шақырымнан асатын ішкі көше жолдарының құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, С.Сейфуллин кентінде 6,8 шақырымды қамтитын 9 көшенің жолдарын жөндеу жұмыстары бекітілген. Қазіргі уақытта Береке көшесіне асфальт жабындысы төселінді. Бұрма ауылында ұзындығы 4,8 шақырымды құрайтын ішкі көше жолдары-

ның құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатса, бүгінде Дәрия кентінде дәл осы бағдарлама аясында Абай көшесінде асфальт жабындысын төсеу жұмыстары басталған. Бағдарлама негізінде жалпы 16,45 шақырым жолдар жөндеуден өтпек.

Еске салайық, еліміздегі «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылдардағы тұрмыс-тіршілікті жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар, шалғай ауылдарды да аудан стандартына сай әрі модернизацияға лайық етіп, жаңа бір деңгейге көтеру мақсатын жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, С.Сейфуллин кентінде 6,8 шақырымды қамтитын 9 көшенің жолдарын жөндеу жұмыстары бекітілген. Қазіргі уақытта Береке көшесіне асфальт жабындысы төселінді. Бұрма ауылында ұзындығы 4,8 шақырымды құрайтын ішкі көше жолдары-

Шет ауданы



Сурет Шет ауданы әкімдігінен алынды

• ХОККЕЙ

Банкерлік құрам өзгерді

«Сарыарқа» хоккей клубының банкерлік құрамына өзгеріс енгізілді. Енді қарағандылық мұз айдыны шеберлерінің қақпашыларын Макар Кармалин жаттықтырады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Макар Кармалин – Новокузнецк хоккей мектебінің түлегі. 2002 жылы 17 мамырда дүниеге келген. Ресейдегі ұлттық жастар хоккей лигасының 2022-2023 жылғы маусымда рыбиндық «Полет» ұжымында 16 кездесу өткізген. Барлық кездесулердегі қайтарған шайбаларының үлесі 91,6%-ды құраған. Командастарының артқан сенім коэффициенті – 3,56%. Плей-офф кезеңінде өткізген бір матчының сенімділік коэффициенті – 2,2%-ға, тойтарған соққылары – 90,9%-ға жеткен.

Е.Бокетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратурасының келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылымдық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

273



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



Ел намысын кіл мықтылар қорғайды

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясы баспасөз қызметінің мәліметінше, көкпардан Қазақстан ұлттық құрама командасы Алматы облысы, Жанашар ауылында орналасқан Олимпиадалық орталықта 5-ші дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындықтарын пысықтауда.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

22 шілдеде басталған оқу-жаттығу жиыны 6 тамызға дейін жалғасады. Еліміздің түпкір-түпкірінен

келген 29 көкпаршының арасынан ең үздік 12 спортшы көкпар ойынына, 12-сі көкбөрі спортына іріктеліп алынады. Оқу-жаттығу жиыны жігіттерге оңай болып жатқан жоқ. Себебі, бұл – жай ғана жаттығу емес,



іріктеу. Еліміздің әр аймағынан келген спортшылардың арасынан 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ел намысын сәтті қорғау үшін ең үздіктерін таңдауға бар күшімізді саламыз, – дейді көкпардан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ақылбай Манкеев.

Ұлттық құрама 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары алдындағы қорытынды оқу-жаттығу жиынын Астана қаласында өткізеді.

Айта кеткен жөн, 8-13 қыркүйекте Астана қаласында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Шараға 89 елден 2000-нан астам спортшы қатысады деп жоспарлануда.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі – Alageum electric. Ал, ойындардың бас серіктесі – Nalyk Bank. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрінен 97 медаль сарапқа салынады.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДИГАЛЫМ**

Жерлестерден жеңіс күтеміз

Париж төрінде өтіп жатқан дүбірлі бәсекеңің басталғанына бүгін – бесінші күн. Қазіргі уақытта ел қоржынына бір алтын, екі қола медаль түсті. Құрама команда сапында өнер көрсететін қарағандылық олимпиадалық жасөспірімдерден бастап, жарыс жолына шықты. Алғашқы болып өнер көрсеткен жерлесіміз жеңіл атлетші Ксения Игнатова жарыс жолынан шығып қалды.



PARIS 2024



Ендігі үміт – жеңіл атлетші Данил Мусабаета. Батуғта секіру спорт түрі бойынша өнер көрсететін жерлесіміздің де осы уақытқа дейін жеткен жетістігі аз емес. Ендігі біті – Олимп шыны. Спорттың осы түрі бойынша 2 тамызда іріктеу турнирі өтеді. Осы уақытқа дейін талай бәсекеде топ жарған қарағандылық спортшыға тек жерлестері емес, күллі қазақ елі жанкүйер.

Одан кейін, 4 тамызда 110 метр қашықтықта кедергілермен жүгіру спорт түрінен тағы бір жерлесіміз Давид Ефремов жарыс жолына шығады.

Айта кетейік, іріктеу турнирі сағат 14:50-де басталады. 6 тамыз, сағат 13:50-де – жұбаныш бәсекесі, 7 тамыз сағат 22:05-те жартылай финалдық бәсекесі өтеді. Ал, аяққ сын – 9 тамыз, сағат 00:45-те басталады.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ксения Игнатова – 2021 жылы Ақтобеде өткен V Жастар ойындарында жеңіске жеткен. 2024 жылы 45 елдің спортшылары қатысқан Нью-Кларк-Ситиде (Филиппин) өткен ересектер арасындағы Азия чемпионатында бес медаль жеңіп алған-тын. Ал, оның төртеуі – алтын. Одан бөлек, екі континенттік рекорд орнатқан.

Олимпиада шарты бойынша әуелі іріктеу кезеңі өтеді. Іріктеу кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткен 16 спортшы жартылай финалдық бәсекеге жолдама иеленуі қажет. Алайда, жерлесіміз іріктеу кезеңінде сүрініп, Олимпиададағы жорығын жалғастыра алмады. Ол жүзу спортынан 100 метр қашықтықта шалқалап жүзу әдісі бойынша сынға түскен-тін. Жарыс қорытындысы бойынша XXVI орынға табан тіреді.

• ФЕСТИВАЛЬ

Көкше теңіздегі туризм тойы

Билығлы «Balkhash Tour Fest – 2024» – еліміздің ең жарқын жазғы фестиваліне айналды. Балқаш көлінің жағасында облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен игі шара V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арналды. Өлкеде туризмді дамытуға бағытталған жоспарлы жұмыстар пысықталды. Облысымызда кейінгі жылдары туризмді дамытуға жіті көңіл бөлінуде. Әлемде «түгінсіз өнеркәсіп» атанған туризм саласын дамыту экономиканың басым бағыттарына айналдыруға күш салуда. Ол үшін бұл салаға қажет қаражат көлемі бюджеттен толыққанды қарастырылумен қатар түрлі салықтық жеңілдіктер, арзан несие, субсидия мәселелері жүйелі түрде шешілуі тиіс. Бұл сұрақтардың барлығы фестиваль аясында талқыланды. Бірінші күні «Астана» тобының шоу бағдарламасы кешті түйіндеп, алау жанындағы психологиялық тренинг, аңыз ертегілер, бард әндерін орындаумен қорытындыланды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауқымды шара аясында көкше көлдің жағалауында туризм кластерін дамытудың негізгі бастамалары жүзеге асырылды. Оның ішінде, демалушыларға көрсетілетін қызмет сапасы жақсаруына байланысты соңғы үш жылда мұнда келушілер саны көбейген. Саяхатшылардың қатары жыл санап артуына «Balkhash Tour Fest – 2024» шарасы ықпал етіп отырғандығын айтады мамандар.

– Туризм саласының әлемдік экономикадағы рөлі айтарлықтай маңызға ие. Айталық, әлем деңгейіндегі жалпы ішкі өнімде туризмнің үлесі он пайызға жетуге таяу екен. Тіпті, бірқатар елдерде бұл көрсеткіш жиырма пайызға жақындап қалған. Осылайша, туризм саласы көптеген елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты тетігі қызметін атқарып отыр. Қазақстанның да осындай деңгейге жетуге толық мүмкіндігі бар. Оның ішінде, Қарағанды облысына қарасты Балқаш көлінің туризмнің темірқазығына айналдыруға зор мүмкіндік бар. Бұл үшін алдымен қаржылық және заңнамалық тұрғыдан қолдау қажет. Осы бағытта жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі өтіп жатқан фестивалде этно музы-



ка мен ұлттық ойындарға, оның ішінде, арқан тартыс, қол күрес, тоғызқұмалақ, асық ату секілді ойындарға басты назар аударылды. Келушілерге арнайы ұлттық аспаптар көрмесі ұйымдастырылды. Фестивальге екі күнде 30 мыңға жуық адам келді, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Ежелден желкенді қайықпен есімі елге белгілі Балқаш желкенді регатасының ашылуы демалушылардың қызығушылығын тудырды. Көл үстіндегі жарысқа

Алматы, Қарағанды, Түркістан облыстарының және Балқаш, Шардара қалаларының спортшылары қатысты. Республикалық деңгейдегі бас төреші, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Юрий Пасынков: «Регата Балқаш көлінде жаңа желкенді спорт түрінің импульс алуына септігін тигізуі мүмкін», – деген пікірін жеткізді.

Ұлттық ойындар бойынша өткен жарыста бес асықтан I орынды Дильназ Исақова, II орынды Аруна Махамбет, III орынды Шырайлым Баймұрат еншіледі. Ал, тоғызқұмалақтан I орынды Аружан Жасұланова, II орынды Күндыз Оразхан, III орынды Мөлдір Еркебай иеленді. Сондай-ақ, шахматтан Ерсултан Нұрлыбек I орынға, Ерсултан Баймадиев II орынға, Ирада Қайырғали III орынға тұрақтады. Дойбыдан дода барысында Дархан Абзалбеков жеңімпаз атанды. Қол күрестен 75 келі салмақта Ерсултан Манатбек, +75 келі салмақта Орденбек Қуанышбеков, әйелдер арасында Мария Шкуркина чемпион болды. Кір тасын көтеруден Руслан Ултыкеев I орынды иеленді. Жағажай волейболы, жағажай күресі арқан тарту және «Көңілді старттар»

Елемесов, 71 келі салмақта Бекзат Шорабеков, 88 келі салмақта Мәріле Жанғабыл, +88 келі салмақта Нұркен Жәнібеков алтынан алқа тақты.

Фестивальді өнерлерімен қыздырған Азамат Бакия және «Жошы» этно-фольклорлық тобының әндері мен шеберлік сабағы жұртшылыққа рухани азық болды. Этнофольклорлық ансамбльдердің жалпы еліміздің заманауи мәдениетіндегі орнын анықтау, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы үлесі мен қадамдарын айқындау, әрі қарай даму үрдісін қарастыру аса қажет. Осы орайда, халықтың музыкалық дәстүрінің жаңа сахналық тәжірибеде өңделіп, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі қазіргі қоғамдағы деңгейі, көркемөнер заңына бағынып өзгеруі дәстүрлі



Суреттер облыс әкімінің сайынан

Жағажайда үлкен фуд-корт пен колонершілер дүкендерінің сөрелеріндегі дүниелерге демалушылар жоғары баға берді. Сонымен қатар, колонершілер жасаған ерекше кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдар ұсынылды. Фестивальдің хэзлайнері – қазақстандық эстрада жұлдызы Дастан Оразбеков шырқаған әнді жастардың басым бөлігі қосыла айтып, әншіге ерекше құрмет көрсетті. Фестивальдің жабылу салтанатында мерекелік отпашу ұйымдастырылды. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген қонақтар фестивалден ерекше әсер алып, ризашылығын білдіріп тарқайды.

– Балқаштың Біріккен Араб Әмірліктері, Дубай, Түркия сияқты туризмді дамытқан елдер қатарына енуге талпынысы қуантады. Болашақта саяхаттаушыларға жағдай жасаған, туризмді дамытқан мемлекеттер қатарына қосылатынымызға сенеміз. Елдің ертеңі жарық әрі кемел болсын. Туризм индустриясын жетілдіру үшін ең батыл және бірегей идеялар шыныдыққа айналады. Туризммен қатар, Қазақстанның спортпен байланысты әртүрлі жарқын жобалары жүзеге асырылады. Бұл бастамалар елімізді жарқын болашаққа жетелейді, – деді Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов.

Суреттер ұйымдастырушылардан



ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСЖБЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 84 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**